



ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 04 (518) 05 наурыз 2022 жыл



ҚЫМБАТТЫ ХАНЫМДАР! ҚҰРМЕТТІ АРУЛАР!

Сіздерді 8-наурыз Халықаралық қыз-келіншектер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

8 наурыз — біздің жүрегімізді шуаққа бөлейтін ананың алақаны сияқты көктемнің алғашқы мерекесі. Табиғаттың оянуы осынау шуақты мерекеден бастау алатыны тегін болмаса керек. Азаматтың әдемі сыңарына арналған аруларымыздың жүздерінен әдеміліктің нұры таймасын, ішкі байлықтары бен жүректерінің мәрттігі сөнбесін!

Қымбатты ханымдар! Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер ешуақытта толастамасын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің сергектітеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілеймін!

**Құрметпен,
ХҚТУ ректоры
Жанар Темірбекова**



ФУАТ ОКТАЙ – УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ «ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ!»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне Түркия Республикасының вице-президенті Фуат Октай мырза арнайы қонақ болды. Қазақстан Республикасына ресми сапары аясында Халықаралық оқу орнымызға арнайы түрде ат басын бұрған мәртебелі Фуат Октай мырза бастаған делегация университет ұжымымен кездесу өткізді. Келелі жүздесуге Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Естайұлы Шөкеев, ХҚТУ Өкілетті Кеңесінің Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек, университет ректоры Жанар Темірбекова, Ректор Өкілі, профессор Женгиз Томар және оқытушы-профессор құрамы мен студенттер қатысты.

Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек мәжілісті ашып, қадірменді қонақты университет қабырғасында мейман ету – оқу орнымыз үшін үлкен мәртебе екендігін атап өтті. Төраға Мухиттин Шимшек мәртебелі мейманға оқу орнымыздың қабырғасында жүзеге асып жатқан іргелі жұмыстарды баяндады. Биыл Халықаралық университетіміздің 30 жылдық мерейтойын мерекелейтінімізді тілге тиек етіп, 30 жылдық аясында ауқымды 30 жоба қолға алынғанын атап өтті. Төрт бірдей мамандық бойынша қос дипломдық білім беру бағдарламасы қолға алынғанын жеткізіп, өзге де маңызды жұмыстарды сипаттады.

Университет ректоры Ж. Темірбекова және Ректор Өкілі Ж. Томар сөз сөйлеп, мәртебелі мейман Фуат Октай мырзаға оқу орнымызға арнайы келген сапары үшін жүрекжарды алғыс сезімдерін жеткізді. Ректор Жанар Амангелдіқызы бүгінгі күннің Халықаралық университетіміз үшін тарихи маңызға ие екендігін баян етіп, университет Сенатының шешімімен қадірменді қонақ Фуат Октай мырзаға білім мен ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін «Құрметті профессор» академиялық атағы берілгенін атап өтті және қаулы мәтінін оқыды. Университет басшылары мәртебелі

мейманға «Құрметті профессор» мантиясын кигізіп, мәртебелі атақ құжатын табыстап, құрмет көрсетті.

Түркия Республикасының вице-президенті Фуат Октай мырза мінберде сөз сөйлеп, тамырлас Түркия Республикасы – Анадолы топырағының ыстық сәлемін жеткізді. Мәртебелі мейман Қазақстан Республикасына ресми сапары аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және Премьер-министр Әлихан Смайылов мырзалармен кездескенін баяндады. Екіжақты

кездесулердің бауырлас елдердің ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеретінін атап өтті. Фуат Октай мырза Түркі әлеміне ортақ тарихи тұлғалар тағылымын сөз етті. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи сынды ғұламалар мұрасының өзектілігін тілге тиек етіп, Абай Құнанбайұлының ғылымға үндеген туындысынан үзінді оқыды. Құрметті қонақ білім-ғылым саласындағы университеттің рөлін салмақтай тұжырымдап: «Ахмет Ясауи университетінің 30 жылда жүріп өткен жолын жоғары бағалаймыз!» — деп түйіндеді.

Жарқын жүздесуден соң мәртебелі мейман Фуат Октай мырза концерттік бағдарламаны тамашалады. Құрметті қонақ университет аумағының макетімен танысып, «Төрағалар аллеясына» ағаш отырғызды.

Мәртебелі мейман Фуат Октай мырза:

«Сіздердің университеттеріңіздің «Құрметті профессоры» атандым. Ауласына ағаш отырғыздым. Мен де осы университет ұжымының бір мүшесі болдым!» — деп, жүрекжарды лебіз білдірді.

Құрметті қонақ Фуат Октай мырза Халықаралық университетімізде іске асып жатқан жарқын жобалар мен қарқынды жұмыстарға жоғары баға беріп, білім-ғылым ұясының өркендей беруіне тілектестігін жеткізді.

БІЗДІҢ БІЛІМГЕРЛЕР ОСЫНДАЙ...

Білімгеріміз «Қазақстанның үздік магистранты» атанды

«Білім — өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми – зерттеу орталығының ұйымдастырумен Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын жастар арасында кеңінен насихаттау мақсатында «Қазақстанның үздік магистранты» атты республикалық байқауы өткізілген болатын.

Аталған байқауда университетіміздің Жаратылыстану ғылымдары факультеті «Экология және химия» кафедрасының 7M05223-Экология білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты З.Исмаилова (жетекшісі PhD докторы Н.Әбдімүтәліп) білімге, ғылымға қосқан үлесі үшін I-дәрежелі дипломымен және төс белгісімен марапатталды.

Айта кетейік, биылғы жылғы республикалық байқауға 200-ден аса магистрлер өтінім беріп, оның ішінде 83 білімгер іріктелген. Озық ойлы жастар арасынан біздің білімгеріміз үздік деп танылып «Қазақстанның үздік магистранты» төс белгісімен марапатталды.

Топ ішінен дара шығып, жүлделі орыннан көрінген білімгерімізді жеңісімен құттықтаймыз!



ШӘКІРТІМІЗ «СТРАНДЖ» ТУРНИРИНІҢ АЛТЫН ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ



Университетіміздің студенті, бокстан Қазақстан құрамасының мүшесі – Сағындық Тоғымбай халықаралық «Страндж» турнирінде алтын жүлдені жеңіп алды.

Болгарияның София қаласында өткен байрақты бәсеке «кіші әлем чемпионаты» деген атауымен де таныс. Дүбірлі додада Сағындық Тоғымбай 86 келі салмақта бақ сынап, финалға дейін жетті. Боксшы шешуші сында қарсыласына ешбір мүмкіндік қалдырмады. Төрешілер бірауыздан Сағындық Тоғымбайды жеңімпаз деп таныды.

Сағындық Тоғымбай Спорт және өнер факультетінің 1-курс студенті. Жаттықтырушылары – ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Мырзағали Айтжанов пен аға бапкер Еркебұлан Көпесов.

Шәкіртіміздің жарқын жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!

Байрақты бәсекеде оқу ордамыздың абыройын асқақтатқан спортшы студентіміздің алда бағындырар белесі көп болсын, дегіміз келеді.

РЕКТОР БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жақында университетіміздегі Студенттік Кеңестің жаңа құрамы бекітілді. Осыған орай ректор Жанар Темірбекованың бастамасымен барлық белсенді студенттер бас қосты.



Ректор Студенттік Кеңес құрамы, студенттік актив пен клубтардың төрағалары қатысқан жиында шәкірттердің қазіргі жағдайын, ұсыныстары мен пікірлерін, өтініштерін тыңдады.

Басқосуда студенттер алда атқарылатын жұмыстарға қысқаша шолу жасап, жоспарларымен бөлісті. Жанар Амангелдіқызы университет тіршілігіне белсенді араласып, оның дамуы жолында еңбек етіп жүрген студенттерге алғысын айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі. Ректор студенттердің әрбір тиімді бастамасына басшылық тарапынан әрдайым қолдау көрсетілетінін де атап өтті.

«БАУЫРСАҚ PARTY» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

1 наурыз Көктемнің алғашқы күні және Алғыс айту мерекесіне орай білімгерлеріміздің ұйымдастыруымен «Бауырсақ Party» акциясы өтті.

1-наурыз — тағдыр тоғыстырған көп ұлтты қазақ елінің бір-біріне Алғыс айтатын күні.

Ерекше мерекелік шараға оқу орда ректоры Жанар Темірбекова қатысып, баршаға алғысын білдірді.

Мейірім мен жылулық ұялаған мерекеді оқытушылар мен студенттерге дәмді бауырсақтар тарту етілді, жылы лебіздер айтылды.

Белсенді жастар шараның көркін қыздырып әндер айтып, би биледі. Осылайша жалғасқан «Бауырсақ Party» Ұлыстың ұлы күні өз-Наурыздың бастамасындай болды. Гүл көктемді қанатына ілестіріп келген наурыздың алғашқы күні білімгерлерге көтеріңкі көңіл-күй мен шаттық сыйлады.



1 НАУРЫЗ - «АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ»

Елімізде 1 наурыз - «Алғыс айту күні» болып 2016 жылдан бастап атап өтілуде. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде «Алғыс айту күні» деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын.

Алғыс айту күнін мерекелеудің жаңа дәстүрі «Мәңгілік Ел» бірлігін ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытудың мән-

Алғыс айту күні – күрделі заманды иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күн.

Бұл күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көп этносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады. «Алғыс айту күні» – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейірімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу,

көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.

Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Елбасы адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің



мәтінінде қазақстандық құндылықтарды бейнелейді.

Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

«Алғыс айту күні» – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні.

Еңлік ҚАДЫРБАЙ,
1-курс студенті

СҰХБАТ

жазушы, полковник Қосай ҚАСЫМҰЛЫ:

«ӘР АДАМНЫҢ БАҚЫТЫ ӨЗ ҚОЛЫНДА»

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұстазы, әскер ғ.к., тарих ғ.к., Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, жазушы, полковник Қосай Қасымұлы Абраимовпен болған сыр-сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

-Қосай ағай өмір жолыңыздан бастасақ. Әскер саласындағы журналистерді кездестіре бермейміз, бұл салаға қалай келдіңіз?

- Міндетті әскери борышымды өтеп болған соң, маған «әскерде қал» деп ұсыныс жасалды. Әскерде қызмет етуіме әкем қарсы болды. Солай әкемнің айтуымен зооветеринария техникумын бітірдім. Ауылға келген соң бітірген мамандығым бойынша жұмыс істегім келмеді. Солай аудандық газетке бардым, жазған мақалаларымды көріп жұмысқа қабылдады. Бірақ аудармашы етіп қабылдады. Алғашқы газеттегі жұмысымды аудармашы болып бастадым. Әкімшілікте жұмыс істей жүріп, Моквадағы партия мектебіне жіберді. ҚазМУ-дің журналистика факультетін сырттай оқып бітірдім. Түрлі газеттерде, радио, телеарналарда жұмыс атқара жүріп, Талдықорғанның «Знамя труда» газетінің бас редакторына дейін жеттім. Кеңес үкіметі ыдырап, жеке ел болған кезде бұл газет жабылды.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары оңай болған жоқ. Еліміздің әскеріне офицерлер жетпей жатқан уақыт. Запастағы офицерлерді қызметке шақырып жатқан кез еді. Мен де әскерде қызмет етуге бел шештім. Барып әңгімелесуден өттім. 45 жасқа келіп қалғанмын. Ол жерде Халық қаһарманы Сағадат Қожахметович те бар еді, журналист екенімді білген соң ҚР ҚМ "Қазақстан сарбазы" газетіне жұмысқа қабылдады. Кейіннен ҚР ҰҚК Шекара қызметінің "Отан сақшысы" газетінің бас редакторы болып тағайындалдым.

"Отан сақшысы" газетінің тарихына көз жүгіртсем бірде-бір қазақ басшылық етпеген екен. Мен газет тарихындағы алғашқы қазақ бас редакторы болдым. Газетке келісімен қазақ журналистерін қабылдап, қазақ тілінде мақалалар жариялай бастадық. Сол жерден майор шеніне дейін көтеріліп, жұмыстан шығарылдым. Жұмыстан шығарылуымның себебін айта кетейін. Шекарашылар әскері ҰҚК қарайды. Мен 2000 жылдағы сайлауда қарсы дауыс беріп, мақала жазғаным үшін жұмыстан шеттетілдім. Әр адамның өз таңдауы болады дегенмен, маған таңдау қалдырмады. Жұмысты жақсы атқарғаным үшін медаль беріп, алғыстарын айтып, жұмыстан шығарып салды.

-Цензураға іліккен екенсіз, ары қарайғы өміріңіз не болды?

- Төрт айдай бос жүрдім. Әйелім қайтыс болып, 4 балам маған қарап қалған уақыт еді. Балаларымды бағуым керек, не істеймін? Жұмыс іздесем табылмады. Содан Қазақстан ҰҚК басшысының қабылдауына кірдім. Содан әскери қызметке қайта оралдым. 2001 жылы Оңтүстік әскери округінің (Тараз қ.) ТӘҚЖ жаттығуында ТӘҚЖ бөлімінің бастығы, 2004 жылы "Бағдар" (Ориентир) әскери-ғылыми журналының бас редакторы болып тағайындалдым. Ұлттық әскери академияның бастығының орынбасары қызметінен 2010 жылы зейнет жасыма байланысты зейнетке шықтым.

2011 - 2013 жыл аралығында ҚР ҚМ Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында «әскери тарих» пән оқытушысы болып жұмыс істеп, қазіргі уақытқа дейін басқа да жоғары оқу орындарында дәріс беріп жүрмін. 70-ке таяп қалсам да жұмыстан қол үзбей, жастарды тәрбиелеуде өз үлесімді қосып келемін.

- Аға, біраз кітаптарыңыз жарық көрген екен, қандай тақырыптарға қалам тарттыңыз?

- Менің негізгі тақырыбым саясат пен әскер саласы. 25 кітабым жарық көрді. Кешегі қаңтар оқиғасының орын алатынын мен 2006 жылы «Терроризм сегізін» деген кітапта мәселе етіп көтердім. Бұл кітап жарық көргеннен кейін, министр шақырып алып сөгіс берді, еңбегім үшін берілген сыйақымды қайтартып алды. «Біздің елімізде ондай болуы мүмкін емес, ең тыныш мемлекетпіз» деген еді. Сол кездегі ахуалымыз осы жағдайдың орын аларына алып келе жатқаны сөзсіз еді.

«Исламский халифат» деген кітабымда елімізде белең алып келе жатқан діни ахуалды сипаттадым. Міне қазіргі асыра діншілдік, діннің түрлі бағыттарының көбеюі, жастардың түрлі діни ағымдардың жолына түсіп кететін болжап, зерттеп, жаздым.

«И, казахстанцы, победители великой войны» кітабымда еліміздің азаттығы үшін қазақтардың ерліктері айтылады. Онда ата-бабаларымыздың жерімізді, елімізді қорғауда кімдермен, қалай шайқасқандары жайлы баяндалады. Бұл кітабымды жариялауда да көп кедергілерге тап болдым. Тарихта болған шындықты жазғаным біраз адамдарға жақпады. Ресей мемлекетімен ортадағы достыққа сызат түсіресің, екі ел доспыз деген пікірлер айтылды. Содан Москваға жібердім, олар басып шағырды. Мен бұл кітабым үшін Ресей тарапы-

нан наградталдым да. Қазақстан тарапы сол күйі үнсіз қалды.

- Қазақ әскері қай тілде сөйлейді?

- Кеңес үкіметі ыдыраған соң қазақ әскерінде қызмет ететін офицерлер жетіспеді. Ресейде басқа жердегі қазақ офицерлерін елге шақырды. Ол кезде өте қиын болды. Бүкіл құжат орыс тілінде жүргізілген. Бір бөлімшеде солдаттар қалмаған да күндер болды. Солдаттар қашып кететін. Офицерлер оларды шөп шабуға, мал бағуға шопандарға сатқан уақыттары да болды. Сондайлармен күрескенбіз. Орыс офицерлері жұмыс істегісі келмеді. Офицерлердің барлығы орыс тілінде оқытылып, тәрбиеленген еді. Қазақ тілінде сөйлейтін офицерлер мүлдем жоқ болатын.

Мен Қазақстанға әскерге келген соң қазақ тілін оқып, жаттап үйрендім. Сол кезде әскерлерде қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдерді де жалдады. Бірақ нәтиже шықпады. Осыған байланысты айтарым, мемлекеттік қызмет атқарғысы келген әрбір адамды қазақ тілін білмесе жұмысқа қабылдамау керек. Сонда өздері үшін үйренер еді. 30 жылда өздігінен үйренбеген басшылар, енді өз еркімен қазақ тілінде сөйлеп кетеді деп ойламаймын.

Әскерде бір чиновниктің не байдың балалары жоқ. Ондағы қызмет етіп жатқандардың барлығы қарапайым адамдардың балалары. Әскери қызметті барлық адамға бірдей міндеттеу керек.

Кеңес дәуірінде әскер үкіметке бағынатын. Ал қазіргі әскер тіптен басқа. Кешегі қаңтар оқиғасында қаншама адам опат болды. Әскер бұл оқиғаға кіріспеді. Қазіргі таңда өздеріңізге белгілі

министрді орнынан алды, қамауда жатыр.

-Өз отбасыңыз жайлы бір-екі ауыз айта кетсеңіз.

-Менің әкем әскери адам болуыма қарсы болған еді. Атам да, әкемде соғыста болған адамдар. Ата-бабаларымыздың қанында болғандықтан да болар, барлық балалары әскерде қызмет атқардық.

Қазір менің 3 қыз, 1 балам бар. Ең кіші балам бір жасында әйелім дүниеден озды. Балаларымды өзім бағып, өсірдім. Басқа адамды ана ретінде көре алмадым. Қазіргі таңда менің әскери тәртібіммен өскен балаларымның барлығы да осы салада қызмет атқарады. Гүлжан қызым облыстық департаменттің аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі, майор. Ал Айжан деген қызым әскери психолог, ұлым Аихан аға лейтенант.

Көп адамдар «отбасы мен әскери қызметті қатар алып жүру қиын емес пе?» деп сұрайды. Отанды сүю керек, еліңнің патриоты болсаң барлығын атқаруға болады деп жауап қатамын. «Ия, мен әйел адаммын, баланы дүниеге әкелу, тәрбиелеп-өсіру ол табиғатымызда бар. Мен бәріне үлгеремін және өз ісімнен ләззат аламын. Ал Әкемді мақтан тұтамын, ол анам қайтыс болғаннан кейін бізді жалғыз өсірді және біз тәртеуіміз әртүрлі шендегі әскери қызметкерміз. Әкеміз біз үшін өмірлік үлгі, ол биік белестерді бағындырды. Біз де әкемізге лайықты болуымыз керек!» - дейді Айжан Қосайқызы

-Түркістан қаласына келгеніңізге де жылға жуықтап қалды. Қазір университетте ұстаздық етіп жүрсіз. Жастар туралы не айтар едіңіз?

- Түркістандық жастар өзге өңірлердің жастарынан көп ерекшеленеді екен. Үлкенге ізет, кішіге құрмет білдіріп, сыйлай білетін жастарды көріп, көңілім толды. Ұстазға қарсы сөйлеп, бетіне келу дегенді мүлдем байқамадым. Бұл жақта олай болу да мүмкін емес-ау. Жақында мен отырған таксиді МАИ қызметкері тоқтатып айыппұл салды. Рөлдегі жас жігіт айыппұлын төлеуге 2000-дай теңге жетпей тұрғандығын айтып менен қарыз бере тұруымды өтінді, мен бердім. Ертеңіне сол бала рахметін айтып, маған ақшамды алып келді. Сөзінде тұратын тәрбиелі жігіт екен. Міне бұл жақтың жастарының бойынан тек ізеттілік байқалады.

Ұстаздың да білімдісі де, басқасы да бар. Білімге ұмтылған студент оқу орнында алған білімді толықтырып, үнемі ізденіп жүреді. Жастардың барлығы жоғары оқу орнын бітірулері шарт емес. Көзі ашық, көкірегі ояу болып, кез-келген мамандық иесі болып, еліміздің дамуына өзіндік үлесін қосулары керек. Әр адамның бақыты өз қолында!

- Сұхбатыңызға рахмет.

**Дайындаған:
Эльмира ҚАЛЫБАЙҚЫЗЫ**

«БЕСТЕМШЕ» ОЙЫНЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Бестемше ойыны қазақ халқының ақыл-ой ойындарының бірі. Оның пайда болу мерзімі 4 мың жылдық мерзімді қамтиды. Бұл ойынға ұқсас ойындар Қырғызстан, Индонезия, Вьетнам, Малазия, Марокко және Түркияда кездеседі. Бестемше туралы мәліметтер өте аз. Ойын туралы «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде былай делінеді: «Тоғызқұмалақ ойынының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған қарапайым түрлерін «қоздату», б е с т е м ш е» деп атайды (Ө. Жолымбетов, Айгөлек, 46).

Бестемше аталатын ойынның қазақ халқына барын іздеп тауып, ережесін қалпына келтірген зияткерлік ойындарды зерттеуші, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері, математик Серікбай Тілеубаев екенін атаған абзал. Зияткерлік ойындарды зерттеуші, ғалым Мақсат Шотаев өзінің іргелі мақаласына қазақтың бестемше және қырғыздың ұйымтуды ойындарының атауларында ерекшелік болғанымен, олардың тақта құрылысы ұқсас екендігін келтіреді. Сондай-ақ, зерттеуші Серік Ерғали өз еңбегінде бестемше туралы нақты мәліметтер берген.

Түркі халықтарының зердесі мен жадын жаттықтырып, жас ұрпақты зияткерлік жағынан жетілдіруге жарап келген: ойлау әдеп пен шапшаң шешім қабылдауға, қателеспеуге баулитын ұлттық зияткерлік ойындардың маңызы зор. Зияткерлік ұлттық ойындар қазіргі заманда балалардың дене ойындарымен шұғылдандуды қамтитын, түрлі теледидармен, компьютер ойындарымен шектелетін заманда өзекті бола түсуде. Бестемше ойыны жасөспірімдердің мінез-құлқын, сана-сезімін әлеуметтік жағынан тәрбиелеп, ойлау өнерін меңгеруге, тәртіпті тиянақтауға, ойлау жүйесін шыңдауға, ми қызметін жетілдіруге көмектеседі.

Бұл ойын ойнаушы талғамайды: бала да, жас та, кәрі де, ойнай береді. Бестемше ойындарын 5 жастағы баладан бастап егде жастағы адамдар арасында ой спортының дағдысын қалыптастыруға болады. Балғын ойыншыларға ұлттық зияткерлік ойындардың тарихы бойында түзілген ақпараттарды таныстыру оларды ойынға қызықтыра және мүдделі ете түседі.

Зияткерлік ойындарды сатылап үйрету

Ойыншылардың жас ерекшеліктеріне қарай топтау.



Бестемше ойынының әзірге 1 түрін ойнау мүмкіндігін барын ескере отырып, ойыншы топтарын 5–12 жас деңгейден үйрету мен ойнату ұсынылады. Бестемше (тарих жағынан бұл ойынның нақты осылай аталғандығы турасында мәлімет көмескі, 5-6 жастағы бала тіліне ыңғайлы болуын әрі «бестемше» сөзінің түбірі болғандықтан, осылай атауды жөн санадық .) бұл ойынды ойнату тиімді, өйткені, бұл барынша жеңіл әрі ережесі қарапайым. 12 жасқа дейінгі балаларға



арифметиканың 4 амалын үйретумен бірге белгілі бір логикалық заңдылықтарды итермелеуге әлеуеті жеткілікті. Бестемше ойынының отау саны бесеу және тоғызқұмалақтағыдай тұздық жариялау ережесі жоқ.

Ойыншылардың дайындығы

Ойыншылардың дене мен дене саулығының болуы шарт. Жаттықтырушы үйретуші ойыншылардың денелік әзірлігіне мұқият назар аударғаны жөн. Денесіне зақым келген өспірім ойын барысында өзін жайсыз сезініп, тіпті өзге ойыншыларға да кері әсер етуі мүмкін. Мұндай талап пен тәртіп ойыншыларды барынша мұқият жүріп – тұруға, жөнсіз алыспауға, ойынға барынша жауапкершілікпен қарауға шақырады. Ойын алдында ойыншылар ұйқысының қанықтығы, көңілдерінің сергектігі, қанайналымының бір қалыпты болуы тиіс. Ол үшін қажетті жаттығулар мен сылау/массаж секілді дене мен жүйкені баптау мен әзірлеу әрекеттерін жасаған абзал.

Бестемше ойыны адамның логика мен ойлау мүмкіндігін шыңдап, зерде мен сананы шынықтырып қоймайды, адамның алақандағы рецепторлары арқылы жүйке – жүйесіне пайдалы, кейбір жүйке сырқаттарының алдын алу мен емдік мүмкіндіктері бар.

Ойыншыны тарихи таныммен қызықтыру

Бестемше ойындарының астарынан қазақы, жалпы түркілік құндылықтарды байқауға әбден болады. Ойынды зерттеушілер бестемше ойынынан түркілік әскери қолдың құрылымын

андаса, енді бірі одан екі хандықтың өзара бәсекелестігін аңғарады. Қалай болғанда да ойынның осы әлеуетін оны насихаттауға әрі жаңа жас ойыншыларды еліктіруге пайдалануға әбден болады.

Айталық бестемше ойынының негізінде қазақтың «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады» деген мәтелін қолдана отырып оқиғаға айналған аңызды қолдана отырып, үстел үсті ойын үдерісін үлкен ойын алаңына айналдыруға болады. Осы арқылы балғын ойыншылар

бұл ойыннан жалықтыратын ойлауды ғана емес, қимыл мен ойды көтеретіндей дағдыға ұмтылатын мүмкіндік алады.

Нақтырақ айтқанда, бестемше мен тоғызқұмалақ ойындарындағы ойын тастарының бәрінің өздері ойнап, тақтаның орнына алаңқайда болмаса стадион мен спортзалда сызылған «тақта» ақтарады.

Екі ойыншы кәдімгі тақтада ойнай отырып, жүрістерін дауыстап бала – құмалақтарға жеткізіп отырады, олар сол жүрістерге сәйкес отауларға бір – бірден көшіп жүреді. Құмалақ рөлін ойнау үшін, сәйкесінше бестемше ойынында лақтың, ал тоғызқұмалақ ойынында аттың бетпердесін тағып ойнауларына болады. Бұл ойынды көпшілік жиналған маңда ойнау арқылы жұртшылықты қызықтырып, ойынның маңызын арттыра түсуге әбден болады. Оның үстіне балалар қимылдау арқылы денені ширату мен шынықтыру әрекеттерін қатар атқарады. Мұндай алаңдағы рөлдік ойынды жаттығу мен жарыстар алдында ойнаған тиімді: ойыншыларды ойынға жұмылдырып, оларды сергітеді, денені дайындауға, жүйкені сергітуге көмегі мол.

Қорыта айтқанда, Бестемше ойыншылары болып 5 жастағы балдырғандар да болғандықтан, жұтып кетпестей ойын тасы мейлінше ірі болғаны маңызды. Алайда, бұл ойынның тақтасы күнге жасалып, айналымға түскен жоқ. Ойынның барынша қарапайым тоғызқұмалаққа қарағанда тақтасы да мейлінше шағын, отау саны екі еседей аз болғандықтан, бұл ойында тарату мен дамытудың мүмкіндігі де, маңызы да зор. Бестемше әсіресе балабақшалар мен бастауыш сыныптарға кеңінен таратып ойнату арқасында баланың арифметикалық қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді.

**Қашымхан БОРАНБАЙҰЛЫ,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті,
Жоғары Дәрежелі Ұлттық Төреші**

СТУДЕНТ ЖАЗБАСЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



АСЫЛ АНАМ - АРДАҒЫМ!

Аймақты нұрға бөлеп, жылы леппен аялап, көгілдір көктем де келді. Халық осы күнді асыға күтеді. Өйткені, көктем жаңарудың басы, тіршіліктің қайта түлейтін шағы. Табиғат ананың осынау мерейлі мезгілінің аналар мейрамымен қатар келуінде терең мән бар. «Ізгілік атаулының бәрі күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған» - дейді халқымыз. Ана – тіршіліктің алтын арқауы.

Асыл ана туралы қасиетті де құдіретті сөздер, аңыз - әңгімелер жеткілікті. «Жәннат – ананың табанының астында» - деген қасиетті хадисте. Осы сөздердің астарында теңіздей терең мағына жатқаны аян. Өмірдің мәні мен сәніне айналған ардақты аналарға берілген ең лайықты баға

«Әйел, бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» - деген халқымыз. Қандай нақтылы айтқан ой десеніңші. Шындығында әйелдер қауымынсыз, мына әлемді елестету мүмкін емес. Иә, құдайдан кейінгі құдірет иесі – ана. Адамзатқа әлемнің жарығын сыйлаған ана алдында бәріміз де бас иеміз. Бүгінде ұрпақ өсіруімен қатар, ел еңсесін көтеруде өз үлестерін қосып келе жатқан қазақ әйелдері қандай құрметке болса да лайық.

Қарға тамырлы халқымыз әрқашанда нәзік жанды әйел затын қастерлеген, шаңырақтың ұйытқысына, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегіне балаған.

Ұлт басына күн туған замандарда ер азаматтардың жігерін жанып, жүрегіне от берген де әйелдер, қаһарман қазақ қыздары.

Егер тарихқа үңілсек, аналар қандай ауыртпалықты да халқымен бірге көтерген. Жаугершілікте ерлермен бірге атқа қонып, қолына қару алса, бейбіт кезеңде бесік тербетіп, ұл - қыздарын даналық пен көрегендікке, ізет пен ілтипатқа баулыған. Халық эпосындағы Гүлбаршын мен Құртқа, Ақжүніс пен Назым, бергі дәуірдегі Домалақ ана мен Айша бибі, ұлы Абайды тәрбиелеген Зере мен Ұлжан, қол бастаған Болай, ел билеген Айғаным, Ұлпан аналарымыз сол әйелдердің шоқ жұлдыздай бір шоғыры. Ал бертін келсек, 1986 жылдың ызғары желтоқсанында мұз құрсауында алау болып жанып, әділдікті талап етіп, өміршіл жүйеге қарсы шыққан жастарымыздың дені – қайтпас, қайсар, қаршадай қазақ қыздары болды.

Қазақ қызы

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННЫҢ АҒЗАҒА ӘСЕРІ

Заман ағымына қарай бүгінде әрбір адамда ұялы телефонның жүргені белгілі. Рас, оның ішінде не керектің бәрі бар. Шынымен қазір осы бір кішкентай заттың көмегінсіз ешнәрсе шеше алмайсыз. Қайда қарасақ та телефонға шұқшиып қараған жастарды көреміз. Қазіргі жастардың жатса жастықтарының астында, күндіз болса да қолдарынан тастамайтын қалта телефондарының ағзаға тигізетін әсерлерін қарастырып көрелік.

- Ұялы телефонның жұмыс жасап тұрғандағы сәулелендіру аумағы бастың ми қалпақшасы мен есту, көру қабілетіне едәуір әсері болатындығында. Ұзақ мерзімді сәулелендіру мидың кейбір құрылымдарының биоэлектрлік белсенділігіне әсер етуі мүмкін және оның жұмысына (айталық, есте сақтаудың қысқа және ұзақ мерзімді жағдайына) кері әсерін тигізеді. Еуропа ғалымдары жақында мынадай қорқынышты қорытынды жасады: 10 жылдан артық ұялы телефонды пайдаланған адамда мидың гематоэнцефаликалық кедергілерінің бұзылуы басталады, яғни миға зиянды заттардың кірмеуіне себепкер болатын сүзгіштің қабырғалары бітеледі. Бұл болашақта адамды мидың қатерлі ісік ауруына шалдығуына әкеліп соқтырады. Біздің өміріміздегі соқпақтар мұндай электромагниттік қысымды көтере алмауы мүмкін. Кейбір сарапшылар «адамдардың басым көпшілігі Альцгеймер және Паркинсон ауруларына шалдығады» деп жорамалдайды. Сонымен қатар жүргізілген тәжірибеге сүйене отырып, сәулеленің әсері тек жинақталып қалмайды, кейінгі ұрпаққа беріледі деген қорытындыға келіп отыр.

- Ұялы телефон балалардың денсаулығына кері әсер етеді екен. Есте сақтау қабілеті нашарлайды. Танымдық қабілеті төмендейді. Бойды сүлесөқтық пен бойкүйездік билейді. Балалардың көбісі ашушаң, шаршауық, жүйкесі тез құриды. Ал ұялы телефонмен ұзақ сөйлесетін балалардың жүйкесі жұқарып, депрессиялық синдромға ұрынуы жиілейтін көрінеді.

- Адамдар пойызда, лифт ішінде телефонмен сөйлесіп жатады. Ең зияны да осы екен. Ұялы телефонның антеннасы мұндай жағдайда жоғары деңгейде радиация шығарады. Бұл айналып

келгенде адамның дене бөліктерін қыздырып, денсаулығына кері әсер беретін көрінеді.

- Зарядтайтын қондырғы жарты метр жерде болса, онда жоғары кернеулі электр сымының астында ұйықтағанмен бірдей екен. Тіпті мұның соңы мида қатерлі ісіктің пайда болуына әкеледі. Ғалымдар сұмдық сорақы жайттарды да анықтап отыр. Ұялы телефонмен ұзақ сөйлессеңіз, ол адам миын бір градусқа дейін қыздырады екен.

Шведтік ғалымдар пайдаланушылардың 84%-ы құлақ тұсында температураның көтерілуін, 60 ұйқышылдыққа бейімделуін, 50%-ы бас ауруының күшеюін анықтаған.

- Ұялы телефонның адам ағзасына қаншалықты зиянды әсер ететіні туралы әрбір қолданушы сенеді, бірақ мән бермейді. Телефонның қосулы қалпында жай жатқанда зияны тимейді. Алайда аппараттың құрамдас, айырылмас мүшесі "Transmitter" ("таратқыш", передатчик) іске қосылған кездері ғана адам ағзасына зиян әкеледі. Әсіресе, телефондағы sim-картаны оператормен байланыстыру мақсатында аппарат антеннасында өндірілетін электромагнитті энергия зиян.

- Ұялы телефондар ең көп радиация таратқан кез – телефон шырылдаған кез және сіз терген номерге байланыс құрған кезі. Сол кездерде телефонды басыңыздан алыс ұстауыңыз керек. Телефонды ашқаннан 1-2 секундтан кейін құлаққа жақындатыңыз.

- Телефон антеннасынан бөлініп шығатын энергия ауаға таратылып қоймай, адамның құлақ тұсындағы тірі клеткаларға жұтқызылады. Өйткені энергия ешқайда жоғалып кетпейді, бір түрден екінші бір түрге айналады.

- Ұялы байланыс құралымен сөйлесу ұзақтығын 3 минуттан артық қолдану өте зиян. Қазіргі таңда адамдар арасында неше түрлі аурулардың белең алуының бір себебі осы телефонды орнымен пайдаланбаудан туындап жатады. Таяқтың екі ұшы болтаны сияқты қалта телефонның да пайдасымен бірге зияны да бар екенін біле жүріңіз дегім келеді.

Бекзат БОЛАТ,
2-курс студенті



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE KIRGIZISTAN'IN "MILLÎ AK KALPAK GÜNÜ" KUTLANDI

Kırgızistan'ın millî ve kültürel tarihinin en önemli günlerinden biri olan "Ak Kalpak Günü", 3 Mart 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi Büyük Salon'da düzenlenen etkinlikler ile kutlandı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrenci Topluluğu ve Üniversitemizde öğrenim gören Kırgız öğrenciler tarafından düzenlenen program, Kırgızistan tarihini ve "Ak Kalpak"ın simgesel değerini özetleyen sinevizyon gösteriminin ardından Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar'ın açış konuşmasıyla başladı. Prof. Dr. Tomar, böylesine geleneksel günlerin başta Kırgızistan olmak üzere Türk dünyasının kültürel, toplumsal ve tarihî mirası adına özel ve anlamlı olduğuna vurgu yaptı.

Ayrıca etkinliğe katılan Kırgız Ulusal Kültür Merkezi ve Kamu Birliği Başkanı Aibek Asanbekov, Rektör Vekili Prof. Dr. Tomar'a ak kalpak hediye etti.

Üniversitemiz öğretim üyelerinin, idari personelinin ve öğrencilerinin yoğun ilgi gösterdiği kutlama programı; geleneksel Kırgız Millî Destanı Manas'tan derlenen şiir dinletileri, dans, müzik ve sahne gösterilerinin ardından anı fotoğrafı çekimi ile sona erdi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE HOCALI ŞEHİTLERİNİ ANMA PROGRAMI DÜZENLENDİ

Azerbaycan'ın Karabağ bölgesinde yaşanan "Hocalı Katliamı"nın 30. yıl dönümü münasebetiyle 2 Mart 2022 Çarşamba günü Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi'nde bir anma programı düzenlendi.

Anma etkinliği, Kur'an tilaveti, saygı duruşu ve millî marşların okunmasıyla başladı. Programın açış konuşmasında söz alan Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, tüm Türk dünyasının ve Azerbaycan'ın acısını paylaştığını belirterek böyle acı olayların tekrarlanmaması temennilerini ilettiler.

Etkinlik, dönemin tarihsel atmosferini anlatan video gösterimlerinin sonrasında Üniversitemiz öğrencileri tarafından Hocalı Şehitleri anısına seslendirilen şiir ve şarkı dinletileriyle sona erdi.

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ KADIN BASKETBOL TAKIMI ŞAMPİYON OLDU



Spor Fakültesi öğrencilerimizden oluşan Ahmet Yesevi Üniversitesi Kadın Basketbol Takımı, Shchuchinsk'te düzenlenen uluslararası turnuvanın final karşılaşmasında galip gelerek bu yılın ilk şampiyonluğunu kazandı.

Oyuncularımızı tebrik ediyor, başarılarının devamını diliyoruz.

AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE "BARISTA EĞİTİMİ" SERTİFİKA TÖRENİ DÜZENLENDİ

Бариста курсы сертификат беру рәсімі
Barista Eğitimi Sertifika Töreni



Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Türkistan Eyalet Valiliği Gençlik Merkezi iş birliğiyle Ana Yurttan Ata Yurda "Altın Bilezik" Meslek Edindirme Kursları çerçevesinde "Barista (Profesyonel Kahve Görevlisi) Eğitimi" 25 Şubat 2022 tarihinde gerçekleştirilen sertifika töreni ile sona erdi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Turizm İşletmeciliği Bölümü Öğretim Üyesi Doç. Dr. Burhan Kılıç yürütücülüğünde iki hafta süren eğitimde başarılı olan 26 kursiyere sertifikaları Rektör Dr. Janar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar tarafından takdim edildi.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ҮЙ ШАРУАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ
МЕН ЖҰМЫСТАҒЫ ӘЙЕЛ

"Әйел адам еркектің қабырғасынан жаралған" деп жатады. Шариғат бойынша, әйел үйде отыруы керек. Ал кейбір әйелдер үйде отыруға мүлдем қарсы. Олардың ойынша, әйел де еркекпен тең дәрежеде еңбек етуге қабілетті. Біз бүгін үй шаруасындағы әйелдер мен жұмыстағы нәзік қауым төңірегінде әңгіме өрбітеміз.

Үй шаруасындағы әйелдер:

- өз өмірін күйеуі мен балаларына арнайды;
- жұмыс жасайтын күйеуінің есебінен күн көреді;
- жаңалықтардан көбіне шет қалады;

Жұмыстағы әйел:

- соңғы жаңалықтардан хабардар;
 - өз-өзін күтеді;
 - күйеуіне көп жағдайда тәуелсіз;
- Қоғамда қалыптасқан стереотип сондай. Осы қатып қалған қағидаларды таратып айтсақ.



Кейбір әйелдер бала кездерінен-ақ күйеуге шығып, бала тәрбиелеуді армандап, өмірінің соңына дейін отбасын бірінші орынға қойып өтеді. Керісінше, отбасыдан бұрын жұмыс жайын көбірек ойлайтын әйелдер де жоқ емес. Ал кейбір нәзік жандылар отбасын тастап, жұмыс жасауға мәжбүр болады. Бүгінде үй шаруасында отыру аса бір жақсы атақ емес. Үй. Жұмыстағы әйелдің үйі мұнтаздай тап-таза болып тұруы мүмкін емес. Ал үй шаруасындағы әйелдің үйге қалай қарайтыны айтпаса да түсінікті. Балалардың тәрбиесі. Бұл жерде әлбетте үй шаруасындағы әйел баласына жіті көңіл бөле алады. Ал жұмыстағы әйел үйге шаршап-шалдығып қайтады, сондықтан, баласына қарауға мүмкіндігі бола бермейді.

Өз-өзіне көңіл бөлу. Жұмыстағы әйелдің өз-өзін жетілдіруіне мүмкіндігі бар. Бұл жерде қайсысына жақтасарымызды білмейміз. Себебі, кейбір үй шаруасындағы әйел де үйде отырып-ақ, кітап оқып, көрмелерге барады, соңғы жаңалықтардан құлағдар болып отыруға тырысады.

Күйеуге тәуелділік. Әлбетте, ақша жағдайын таразылар болсақ, үй шаруасындағы әйел күйеуінің қалтасына қарап отырады. Күйеуі ғана ақша табатын отбасыларда проблемаларды күйеуі өзі шешеді, ал әйелі оның қай-қай шешіміне де бас шұлғып отыруға мәжбүр.

Сыртқы күтім. Жұмыстағы әйел қалайда өзін күтеді. Өйткені ол адамдармен араласады, кімнің не киіп жүргенін көреді.

Мансап. Үй шаруасындағы әйел бірнеше жылдан соң жұмыс жасағысы келсе, оған жұмыс бірден табыла қоймайды.

Әйел адамның үйде отыруы не жұмыс жасауы мәңгілік дау іспетті. Ал сіз қалай ойлайсыз?

М. ОҢҒАРОВА

ӘЙЕЛДЕР
ЖАЙЫНДАҒЫ ӘЙГІЛІ
ОЙЛАР

Халық даналығында "еркек – бас, әйел – мойын" деген қадірлі сөз бар. Қазақ халқы қашанда әйел затын қадірлеп, құрмет тұтқан. Оларға құрмет ретінде әсерлі өлеңдер мен әуезді әндер көптеп жолдаған. Бүгін біз сіздердің назарларыңызға әйелдер туралы айтылған қызықты афоризмдердің бірнешеуін назарыңызға ұсынбақпыз:

Іскер әйел – жаман еркекті орта, орташа еркекті – жақсы, ал жақсы еркекті – жынды қылып жібереді.
Қадыр Мырза Әли

Әйел біткеннің бәрі де өздерінен сұлуырақ көрінген әйелге жау келеді.
Ғ. Мүсірепов

Қазақ әйелін "жан жолдасым" дейді. Бұл үлкен сөз ғой. Жаны мен жаны үндес, ойы, арманы үйлес, егіз адамбыз дегені ғой.
Ғ. Мүсірепов

Жақсы әйел – ері ұялар іс қылмайды.

Абай

Әйел ашуланса – жеңіледі, еркелесе – жеңеді.
Ғабит Мүсірепов

Әйел үшін сұлулық ақылдан гөрі маңыздырақ, өйткені еркекке ойланғаннан гөрі қараған оңайырақ.
Марлен Дитрих

Әйел жерден шыққан жоқ,
Ол да еркектің баласы.
Ерлер көктен түскен жоқ,
Әйел – оның анасы.

А.Тұрмағамбетов

Сырыңды соған ашасың,

Шөліңді содан басасың.

Адамның күні әйелмен,

Әйелдер мәңгі жасасын!!!

Жүрсін Ерман

Әйелдерге көз жасы арқылы бар нәрсеге қол жеткізуге рұқсат;

Еркектерді мықты ететін әйелдер;

Әйелге қалай білдіртпей опасыздық жасауға болады? Сіз осы сұрақты ойлай бастағаныңызды, әйеліңіз әлдеқашан сезіп тұрады;

Егер әйелдің жанында оны нәзік әрі әлсіз жасайтын еркек болмаса, әйелдер құбыжыққа айналуы мүмкін.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы:

журналист

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы:
Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru